Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№7 (854)
16.02.2018

alatau_offset@mail.ru

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚАЗҰУ

ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ ОРДАСЫ

Бүгінгі күні қазақ елінде шығыстың ғұлама ғалымы, философы Әбу Насыр ибн әл-Фарабидің есімімен аталған Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы, тіпті әлемдегі елеулі университеттердің қатарында тең дәрежеде тұр. 1934 жылы негізі қаланған Қазақ ұлттық университеті Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындарының арасында көшбасшы десек артық емес.

Университет мемлекетіміздің жоғары оқу орындарының ішінде бірінші болып «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты атанса, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының «Қызметтер мен енім сапасы саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының дипломанты, Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшесі бола тұра, Еуразиялық университеттер Ассоциациясының ұйымдастырушысы болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 41 мамандығы сапа сараптамасы мен экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-гуманитарлық бағытта білім беру бағдарламалары бойынша аккредиттеуден ойдағыдай өтті. Жетекші FIBAA еуропалық аккредиттеу агенттігі халықаралық қатынастар, экономика және бизнес Жоғарғы мектебі, заң, география және табиғатты пайдалану, философия және саясаттану факультеттерінің білім беру бағдарламаларының сапасын үздік деп танып, жоғары бағалады.

Қазақ ұлттық университеті ТМД университеттері арасында екінші орында тұр. Халықаралық QS рейтингісіндегі әлемнің 800 университеті арасында Қазақ Ұлттық Университетінің 236-орынды иеленуінің өзін мақтанышпен айта аламыз. Әрине университет бұл жетістіктерге заман ырғағына сай жетілудің арқасында қол жеткізіп отыр.

Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті алуан түрлі мамандықтарды даярлайтын білім және ғылым ордасы болып табылады. Университет құрамында 14 факультетет, атап айтқанда, биология және биотехнология, география және табиғатты пайдалану, журналистика, халықаралық қатынастар, тарих, археология және этнология, шығыстану, механика-математика, физика, экономика және бизнес Жоғарғы мектебі, заң, философия және саясаттану, филология, әдебиеттану және әлем тілдері, жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттері жұмыс жасайды.

ҚазҰУ-де көпсалалы білім беру жүйесі қалыптасқан: жоғары базалық білім (бакалавр дәрежесі), жоғары кәсіби білім (магистр) және докторантура. ҚазҰУ мемлекеттік білім беру гранттары және келісім бойынша студенттерді қабылдайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемнің ең ірі 418 халықаралық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орната отырып, заманауи халықаралық білім бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Университет түлектері өз білімдерін жетілдіру барысында ел өмірінің барлық саласында қызмет етуде және еліміздің даму бағытының қалыптасуына ат салысуда.

А. ӘЛІПБАЕВ,
Б. БӨЖЕЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар факультетінің доценттері.